

«Мандайдағы екі көздің» өзара жауығуы – мүмкін еместі мүмкін етіп тұрған деталь. Екі адамның іс-әрекетін бір адамның бір тектес дене мүшесі арқылы көрсеткен Албан Асанның тұжырымы терең ойшылдықты аңғартады. Қисын бойынша, ерегiскен екеудің біреуінің ісі ақиқат болады. Қайсысы бейкүнә, қайсысы бейбастақ екені анықталмаған күнде де әділдіктің біреуінің жағында қалатыны анық. Әйтеуір, біреуі жала жабады, екіншісі нақақтан күйеді. Яғни, мұны Асанның «көзімен» бағаласақ: «Екі көздің бірі жау, Дұшпан шықты жақыннан». Немесе: «Екі көздің бірі жау, Әрбір ісін кер кетті». Ерегiсіп, бөлініп-жарылудың «екі көзге» дейін жетуі – қазақ ішіндегі аяқтан алып, төске өрлеген алауыздық дертінің басқа дейін шапқанының көрінісі. Басқа қырынан келсек, сол мандайдағы екі көздің екі түрлі болмыс-ақиқатты көруі, карама-қайшы құбылыстарға бір адамның екіге жарыла көзқарас танытуының белгісі дер едік. Кейде бұл образ ауыспалы мағына иеленіп, түрленіп түседі: «Бір ақырға байланды, Ешкі мен жылқы тебіскен». Қалай болғанда да сөз күдіреті елдің алауыздығын айтып, ашындыра отырып, бірлікке тартуға жұмсалған. Алшақтаған екеудің ара жігі жақындаса, екі көз де бір-біріне соншалықты жауықпақ емес. Адамзат баласының іс-әрекеті негізгі дене мүшелерінің бірлескен қызметі арқылы жүзеге асатыны секілді қазақ шаңырағының, қазақ әулетінің, қазақ ұлтының ауызбірлігі екі адамның бітімге келуінен басталады. Дулаттан Албан Асанға дейінгі ақындардың халықтық қайғыны кейде екеудің жанжалдасуы арқылы көрсетіп, адамтанудың қатпарларына үнілуі – осыны түсінгендіктің айғағы.

Ұлттың болмыс-бітіміне әсер еткен отаршылдық дәуірдегі өлең-жырлар қазақы қалпымыз мен сансыз салтымызды бейнелеген баға жетпес мұрамыз болып қала бермек.

Резюме

В статье анализируются творчества народных поэтов как Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Канайұлы, Мурат Монкеұлы. Одна из главных тематик творчества данных акынов является зарождение у читателя патриотического чувства и тема колониальной политики.

Summary

The paper analyzes the art of folk poets like Dulat Babatayuly, Shortanbay Kanayuly Murat Monkeuly. One of the main topics of creativity data poets is the birth of the reader and the theme of patriotism colonial policy.

Özet

Bu makalede Dulat Babatayuly, Shortanbay Kanayuly Murat Monkeuly gibi halk şairlerinin Rus İmparatorluğunun baskısına karşı tepki gösterip, kazak toplumunun bozulması, kazak destürlerinin unutulması hakkında acıyarak yazdığı şiirler, sanatları inceliyor.

Ү. Жетібайұлы

ф.ғ.д., профессор

Құлжа педагогикалық университеті

Құлжа/ҚХР

«Білге Қаған құлпытасы» және Білге Қаған жайлы қытай деректері

Білге Қаған – соңғы түрік қағандығының әйгілі қағандарының бірі. Ол 684 жылы дүниеге келіп, 734 жылы қайтыс болған. «Білге Қаған құлпытасы» марқұм қағанның құрметіне арнап орнатылған. Құлпытастағы ежелгі түрік жазуымен жазылған мәтін Білге қағанның

өмірінен, сол дәуірдің реалдылығынан, түркі мәдениетінен, тарихынан, тілінен құнды деректер береді. Десе де, мәтіннің жанрлық ерекшелігі және жазушы стиліне байланысты тек құлпытас мәтініне сүйену.

Қытай деректерінде Білге қаған туралы ақпараттар мол. Төменде сол деректерден алынған материалдарға жүгіне отырып, Білге қаған тұлғасына талдау жасайық.

1. Білге қаған құлпытасы

Білге қаған құлпытасы Күлтегін құлпытасымен бірге 1889 жылы қазіргі Моңғолия Республикасы, Көкшін Орхон өзені бойындағы Хошо-Сайдам деген жерден табылған. Құлпытас әсем мәр-мәр тастан жасалынып, қатты тастың үстіне орнатылған. Құлпытастың биіктігі – 375 метр. Қазіргі таңда, құлпытас бұрынғы орнында сақтаулы тұр. Сонымен қатар, құлпытас бетіне көне түркі жазуымен мәтін жазылған. Сексен жолдан тұратын мәтіннің 41 жолы құлпытастың шығысқа қараған бетінде, 15 жолы оңтүстікке, 15 жолы солтүстікке, қалғаны шығыс-оңтүстікке және батыс-оңтүстікке қараған бетінде қашалынып жазылған. Қазіргі таңда, уақыттың өтуіне байланысты құлпытас мәтінінің біршама өшіп, өзгерген. Құлпытасты Білге қағанның ұлы Теңлі қаған әкесінің құрметіне 735 жылы орнатқан. Ал, мәтінді Күлтегін мен Білге қағандардың жиені Йоллыг тегін жазған.

Құлпытастың оңтүстікке қараған бетіне қашалған жазудың 10 жолынан 15 жолына дейінгі мәтін Теңлі қағанның сөзі де, батыс-оңтүстікке қараған бетіне қашалған мәтін Йоллыг Тегіннің сөзі. Құлпытастың шығысқа қараған бетінің 3 жолынан 23 жолына дейінгі мәтін мазмұны «Күлтегін құлпытасының шығысқа қараған бетінің 1 жолынан 30 жолына дейінгі мәтін мазмұнына, оңтүстікке қараған бетінің 1 жолынан 8 жолына дейінгі мәтін мазмұны «Күлтегін құлпытасының» оңтүстікке қараған бетінің 1 жолынан 11 жолына дейінгі мәтін мазмұнына ұқсас.

«Білге Қаған құлпытасында» Білге Қағанның ата-бабалары алғашқы түрік қағандығын қалай құрғаны, кейін қағандықтың қалай күйреуі, Түрік халқының Табғашқа тәуелді болуы, әкесі Елтерістің түркі тайпаларының басын қалай құрап, түркі қағандығын қалай қалпына келтіргені, түркі халқының ел болып, есін жиганы, яғни соңғы түрік қағандығының құрылуы, ағасы Қапаған қағанның таққа отырауы, аағы Қапаған және өзінің соңғы түрік қағандығын қорғау, елдің іргесін бекемдеу жолындағы жанкешті жорықтары, сондай-ақ Білге қағанның өмірі өмірі, таққа отыруы, өмірден өтуі, Білге қаған мен інісі Күлтегіннің соңғы түрік қағандығын күшейту, бейбіт те ырысты ел құру жолында жүргізген жорықтары мен өшпес еңбегі, Білге қағанның түрік халқына, ел-жұртына арнау сөзі, ұрпақтарына аманаты, арман-мұраты баяндалады.

2. Білге қаған жайлы қытай тарихнамаларындағы деректер

Білге қаған – соңғы түрік қағандығының төртінші ұрпақ қағаны, соңғы түрік қағандығының құрушысы Елтеріс қағанның ұлы. Қытай жазба деректерінде оның намын қытай иероглифінде - ** немесе ** деп таңбалайды. Өз аты Моғулиян, қытай иероглифінде *** деп таңбалайды. Білге қаған әкесі Елтеріс қайтыс болған кезде 8 жаста еді. Құлпытаста. «Әкем қаған дүниеден өткенде өзім сегіз жаста қалған едім» - дейді. соңғы түрік қағандығының екінші ұрпақ қағаны, әкесінің інісі Қапаған қаған тақта оытқан тұста шад және қағандықтың сол қанаты білге ханы мансаптарына отырады. Сол себепті, кіші шад қытай иероглифінде - ** деп атаған. «Білге қаған құлпытасында»: «Тәңірі жарылқағаны үшін он төрт жасымда Тардұш халқы үстіне шад болдым» - дейді. Қайын атасы соңғы түрік қағандығының үш ұрпақ қағанына (Елтеріс, Қапаған, Білге) уәзір болған, әйгілі саясатшы, соғыс маманы, әдебиетші, кемеңгер Тоңукук.

Қапаған қаған тақта отырған тұста Моғулиян оны қолтығынан демеп, оның бар жорықтарының ішінде болды. «Білге қаған құлпытасында»: «Ағам қағанмен бірге шығыста Жасыл өзеннен Шандоң жазығына, батыста темір қақпаға дейін шеру тарттық. Көгменнен аса қырғыз жеріне дейін шеру тарттық. Жаопы жиырма бес рет жорыққа аттанып, он үш рет шайқастық, елі барды лесіреттік, қағаны барды қағансыраттық, тізеліні шөктірдік, бастыны жүгіндірдік» - дейді ол.

Білге қағанның таққа отыруы жайлы қытай тарихнамаларында мынадай деректер бар: «716 жылы Бөгішор (Қапаған қаған) теріскейдегі тоғыс арыстың бірі санатындағы Байырқыларға жаза жорығын жасады. Соғыс Тоғыла өзені бойында өтті. Байырқылар ойсырай жеңілді. Жеңісіне масаттанған Бөгішор аз әскерімен қаннен-қаперсіз қайтып келе жатқанда тал арасында жасырынған Байырқының қалған әскеріне ұшырасады. Олар тұткиыл шабуыл жасап, Бөгішордың басын алып, сарайдың бажакка (бодан ел) жіберген елшісі Хау Лиңчуаннан астанаға беріп жібереді. Құтлық ұлы Күлтегін ескі ұлыстарының басын құрап, Бөгішордың ұлы кіші қаған мен інілерін және жасақтарын түгел қырып салып, өз ағасы сол қанат білге хан Моғлуиянды Білег қаағн деген наммен таққа отырғызды.» («Көне Таңнама * Түрік шежіресінде») делінсе, тағы бір деректе: «Білге қаған таққа (Таң Шуанзұң заманы) қаиуанның 4 жылы (716 жылы) отырды. Ол әсілінде кіші шад болатын. Ол қайырымы мол, жұртқа сүйкімді жан еді. Билікті алуда Күлтегіннің еңбегі зор болған соң, тақты соған бермек болды. Күлтегін одан бас тартты. Сонымен оны сол қанат білге хан етіп тағайындап, әскери билікті соған тапсырды. Бұл Ғыи, Қытандар бірінен соң бірі шекара бекінісімізге келіп бас ұрып бағынған, түрік ұлыстарының көбі толқый бастаған кез еді. Сонымен Бөгішор заманындағы орда ұлығы Тоңуқуқ бас ақылшылыққа шақырылды. Кезінде Күлтегін Бөгішордың қол астындағы ұлықтардың бәрін қырып салғанда, тоңуқуқ қана қызы кіші шадтың әйелі болғандықтан өлімнен қалып, мансапқа тағайындалды. Оның жасы жетпісті еңсерген еді. Бажақтар оны ерекше құрметтеді. («Көне Таңнама * Түрік шежіресінде») делінеді.

Білге қаған таққа отырғанда түрік халқы «іші ассыз, сырты тонсыз, бейшара мүсәпір» халде еді. Ол екі шад және іні Күлтегінмен ақылдасады. Сөйтіп: «әкеміз, ағамыз құрған халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, түрік халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өле-жіте құлшындым. Мен өзім қағандыққа отырғанда, жер сайын босқан халық өле-жіте, жаяу-жалаңаш қайта келді. Халықты тойындырайын деп терістікте – оғыз халқына, шығыста – қытан, татабы халықтарына, түстікте – табғашқа қарсы он екі ре жорық жасадым, шайқастым. Содан кейін, тәңірі жарылқағандығы, (өзімнің) бағым бар болғаны үшін тәйелім болғаны үшін өлімші халықты тірілттім, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықтан көп қылдым, күдіретті елі, айбарлы қағаны бар (халықтардан да) артық еттім. (Төңіректің) төрт бұрышындағы халықты тұтас бас игіздім, (өзара) жуықпас қылдым. Бәрі маған бағынды» дейді. («Білге Қаған құлпытасы»)

Азып-тозған халықтың ата-жұртына, түркі мекеніне қайта оралуы жайлы «Көне Таңнама * Түрік шежіресінде»: «Көп өтпей Хычүидағы Арсылан, Едіз ұлыстары Сетейлердің басшылығында сарайдна бет бұрып (түрікке) косылды» деп баяндалды. Осылайша ел іргесі бекіп, аз халық көп болды, елдің бақ-дәулеті тасып, береке-бірлік орнайды.

Білге қаған елді ата заңымен басқару жолын таңдап алады әрі «таққа отырып төткіл төңіректегі (халық үшін) сондай маңызды заң орнатады». Ол үнемі кеңес құрып, елдің ірі істерін, мемлекеттік стратегиялық даму жолын тұрақтандырып отырады. О оңтүстікке, Таң хандығына шабуыл жасаудың жайын кеңескенде, «Тоңуқуқ: - Таң әміршісі жауынгер адам, халқы да берекелі, биыл астықтан мол өнім алды. Қазір орайлы кез емес. Тырп етпейік. Біздің

еліміз енді ғана жиылып жатыр, әлді дәрменсіз. Бірнеше жыл тыныққан соң, жағдайдың өзгеруіне қарай әрекет етейік» - дейді. Білге қаған елінің отырықты, мәдениетті халық болуын армандайды, қала, қамал, ғибадатханалар салуды көксейді, сонда Тоңуқук: «Болмайды, түріктің халық саны аз, Таңдықтардың жүзден біріне жетпейді. Біз судың тұнығын, шөптің сонысын қуып, бір жерде тұрақтап тұрмағандықтан әрі аң аулауды кәсіп етіп, барлығымыз қару өнерін игергенімізден олармен әлі тіресіп келеміз. Күшейсек әскер аттандырып бұлап-талаймыз да, әлсіресек тау-тас, орман-тоғайды паналаймыз. Бұған келгенде Таңның әскері көп болғаны мен мысы құрып қаалды. Егер кімде-кім қала салып, отырықты тұрмысқа көшіп, ескі салт-дәстүрімізді өзгертпек болса, бір жолғы жеңілісте-ақ Таңдықтар басып алады. ғибадатхана адамды ізгілік пен момындыққа баулиды, ол батыршылдықтың жолы емес. Салуға болмайды» - дейді. («Көне Таңнама * Түрік шежіресінде»). Сөйтіп, бас ақылшы, дала данасы Тоңуқук ұсынған парасатты саясат, оның көкейіне қонады, оны құп алады, сол бойынша іс көреді.

Білге қаған қайырымды, сүйіспеншілігі мол, дана қаған болумен бірге, сұңғыла қолбасшы, қаһарлы жауынгер бола де. Оның жорықтары жайлы «Білге Қаған құлпытасында» айтылған деректерден бөлек, қытай тарихнамаларында: 720 жылы қыста төреші абыз Уаң Жүн Шофаның аға төбенайы болды. Ол келер жылы күз басында батыста Басмыл, шығыста Ғын, Қытан секілді екі бажакпен бірге Шофандағы әскерлерді бірнеше бағыттан қаптатып Герлак өзені бойындағы түрік ордасын басайық деп дәтнама ұсынды. Мұны естіген Білге қаған тағы да кеңес құрып, төтеп берудің жолын ақылдасады. Сонда Тоңуқук: - Басмылдар қазір Бесбалықта, олар шығыстағы екі бажактан оқшау жатыр. Бұлардың күш біріктіруі мүмкін емес. Уаң Жүни қолынан келуі неғайбыл. Келген күнде біз ордамызды терістікке үш күншілік жерге көшіреміз. Таң әскерлері астықтан тарыққан соң, сөзсіз шегінеді. Басмыл ұрыншақ, пайдақұмар. Бұйрықты естіген соң қалайда алдымен жетеді. Уаң Жүн болса, Жаң Жияжынмен араз, талабы орындалмаса, аттануға батыды бармайды. Егер Уаң Жүн қолы келмесе, жалғыз Басмылды тарпа бас салсақ, құрту оңай» - дейді. 721 жылы күзде Басмылдар түрік ордасына ләшкер тартып келді. Уаң Жүн мен екі бажак келмеді. Қатты үрейленген Басмыл әскерін кері қайтарды. Түріктер шабуыл жасамақ еді, Тоңуқук: «Олар елінен мың шақырым шалғайда жүр. Сөзсіз өліспей беріспейді. Оларға қазір шауылдауға болмайды. Онан да соңынан әскер салайық» - дейді. Бесбалыққа екі жүз шақырым қалғанда Тоңуқук әскерін бөліп, жан-жолмен Бесбалықты басып алады. Сонан әскерімен келіп, Басмылдың елге қайтқан қосынын шапты. Қашқан Басмылдықтар Бесбалықты паналамақ еді, қала басып алғандықтан, кіре алмады да, түгелімен түрікке қолды болды. (Түріктер) олардың ер-әйелдерін тұтқындап қайтты. Әскерін Чиктам жолымен шегіндірген Тоңуқук жол-жөнекей Лияң Жоу дуанының дуанын шауып, малдарын олжалап кетті. Ол кездегі Лияң Жоу дуанының тұтығы яң Жиңшүү еді. Олар кеми сардар Лу Гоңли өкіл ұлық иуан Чындарды әскер бастап шабуыл жасауға аттандырды. Тоңуқук: «егер Яң Жиңшүү қамалды берік сақтаса, онымен бітімге келейік. Әскер шығарма, тәуелке деп соғысайық. Біз қазір жеңімпаз, сөзсіз табынсыз жеңіске жетеміз» - дейді. Лу Лу Гоңчилилердің әскерлерге білекті сыбанып, садақты ширей атртуға бұйырды. Әскерлер жеңін түрінді. Таң қонысы абырай, қонысы ойсырай жеңілді. Иуан Чың қашып кетті. Яң Жиңшүүшенінен айырылып, жай бұқара есебінде Лияң Жоуға тектеуші болы. Білге қаған құлашын кең серпем, Бөгішор тұсындағы елін қалпына келтірді» деп баяндалады. («Көне таңнама –Түрік шежіресінде»).

Білге қаған керек болған тұста сұрапыл жорыққа аттанып, қарудың күшімен елін қорғап, діттеген мақсатына жетумен бірге, ең бастысы алдың тыныштығы, азаматының

амандығы үшін сыртқа қарата бейбіт елдесу саясатын жүргізеді. Жоғарыда баяндалған ұлы жеңістен соң, Білге қаған Таң патшалығына шұғыл түрде елші аттандырады. Ол жайлы «Көне таңнама –Түрік шежіресінде»: Білге қаған: Арада көп өтпей сарайға елдесеуге елші салды әрі Таң Шуаңзұңға ұл болсам деп өтінді. Патшам бұған мақұл болды. Ол ханыша айттыру тілегін білдірді. Патшам елшіні мол сыйлық беріп аттандырды» делінеді.

Білге қаған Таң патшалығымен болған сыртқы саясатта елдесу, ымыраға келуді басты ұстанымы етіп алады да, сөйтіп еліне баянды бейбітшілік орнатады. Екі ел арасындағы байланыс жақсарып, шекарада айырбас сауда жасайтын базарлар ашылады. Бұл жайлы «Білге қаған құлпытасында»: «Бұл жерде (өтүкен тауында) отырып табғаш халқымен байланысты түзедім» делінсе, ал «Көне таңнама –Түрік шежіресінде»: «725 жылы Таң Шуаңзұң шығысты көзден кешіруге жабданды. Ішкі жарлауыл Жаң Шуо әскерді көбейтіп түріктен қорғанудың есебін жасайды. Жасақ бөлімі бастығы Пей Гуаңтиң: Тасаттық беру – көк тәңіріне жеңісімізді баяндайтын ұлағатты іс. Осындай шақта қарулы күштерді топтасақ, аты затына сай болмай қалмас па? – деді. Жаң Шуо: Түріктер бітімге келгенмен, олардың арам ниетін болжау қиын. Оның үстіне Білге қаған қайырымды, адамға сүйіспеншілігі мол. Халқы әмірінен шықпайды. Күлтегін ержүрек, соғыс өнеріне шебер, тендессіз жан. Тоңукук көпті көрген көсем, ақылға бай көп жасаған адам, Ли Жиң, Шүи Жилер сияқты қайраткер. Үш Лу біріксе, қарсы келер ешкім қалмайды. Олар біздің қотарыла шығысқа аттанғанмыздан хабар тауып, алда-жалда шекарамызға басып кірсе немен қорғанамыз? – деді. Пей Гуаңтиң: Олардың үлкен дегдарының бірін нөкерлікке шақыртып, елші жіберсек, түрік көнбеуге шарасы қалмайды әрі шабуыл жасауы да қиын – деп кеңес береді. Жаң Шуо оның кеңесін құптайды. Сонымен ішкі әкімдар Үиан Жын уақытша мәмлегер уәзір болып тағайындалып, осы жұмысты айту үшін түрікке жіберіледі. Білге қаған ордасында жұбайы, Күлтегін, Тоңукуктармен бірге алқа-қотан отырып қонақ асы берді. Ол Үиан Жынға: Түбіттер иттен жаралған. Таң елі олармен құда-анда болып отыр. Ғи мен Қытан тегінде түріктің құлы еді. Олар да Таң әулетінен ханыша айттырды. Берекеге келіп, арт-артынан құда-анда болуды өтінсек те, тек түрікке мақұл болмай отырсындар. Бұл неліктен? – деді. Үиан Жын: Қаған сіз патшамның ұлысыз. Әке-бала құда-анда болушы ма еді? – деді. Білге қағандар: Екі бажаққа да И деген әулет есімі сыйланған. Олар да ханыша алып отыр. Осыған негізделгенде неге болмасқа? Оның үсітен бажақ елдерге ұзатылып келген ханшалардың бәрі көктің ұлының өз қыздары емес деп естігенмін. Қазір рас-жалғанға көз жеткізу үшін сұрап отырмын. Қайта-қайта қыз айттыру тілегін қойғанымен, онымнан нәтиже шықпағансоң бажақтар алдында бетімнен жер басқандай боламын. – деді. Үиан Жын құда-андалық жөнінде (патшаға) дәтнама ұсынуды уәде берді. Білге қаған дегдер Ашынатек елтебірді шығысты көзден көшіруге нөкер болып бару үшін тарту-таралғымен сарайға қол тапсыруға жіберді» делінеді. Тағы бір деректе: «727 жылы Білге қаған бұйрық Шорды сарайға қол тапсыру елшісі етіп жіберіп, тартуға жиырма сәйгүлік айдатты. Бұл тұста Түбіт Білге қағанға хат жолдап (Таң патшалығына қарсы) бір мезгілде көтерілейік деп кеңес салған екен. Білге қаған бұл хатты сарайға табыс етті. Патша оның адалдығына қабағат сүйінді, бұйрық Шорға Зычиндиян сарайында қонақ асы беріп, мол тарту ұсынды. Сөйтіп, Шофан алайына қарасты батыстағы бағындыларды қабылдау қамалынан кезек базар ашуға, әр жылы неше жүз мың топ жібек, торғын-торқаны сол орыннан оларға өткізіп тұруға рұқсат берді» дейді. («Көне таңнама –Түрік шежіресінде»).

Бұл деректерде екі ел арасындағы дипломатиялық, экономикалық қою барыс-келіс баяндалуымен бірге, түріктің ошақтың үш бұтындай алып тұлғаларды Тоңукук, Күлтегін, Білге қағандарға да аса жоғары әрі әділетті баға беріледі. Тоңукуқты – парасаттың, Күлтегінді

– батырлықтың, Білге қағанды – қайырымдылықтың нышаны ретінде көрсетеді. Оларды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарса, алмайтын қамалы жоқ дейді.

734 жылы Білге қағанға өз уәзірі Бұйрық Шор қастандық жасап, у салады. Өлерінің алдында ол Бұйрық Шордың басын кесіп, бүкіл түп-тұқиянын түгел қырады, содан соң көз жұмады. «Кітап сарй гйбратнамасы» 975-бумасында: «Бұл хабарды естіген патша (Таң Шуанзон) ордаға бармай үш күн ааз тұтты әрі: (Білге қағанмен) арамызда достық қатынас орнағалы ұзақ болды, жол бойынша қаза құрметелуі керек, несіне заты кіндік қаған, заты бажақ деп бөлмейміз, бәрі де пенде емес пе? Түрік Білге қаған ертеде, сонау шалғайда тұрса да, менің уәзірім сипатында әрмене болып, бодандығын білдірген болатын. Ол дүниеден өтіпті, оған арнап салтанатты азалы ас беріліп, оның шапағатын барылық адамдарға әйгілеуі қажет, салтағы бар жоралғы жасалып, биліктер отырған барлық мансапты сәтті күн талдап бірлікте аза салтын өтесін» - деп жарлық түсірді. Сөйтіп, Ло Иаң қаласының оңтүстік қақпасында оған арнап азалы ас өтті, асты хантегін Ли Чұан басақарады» делінсе, «Көне таңнама –Түрік шежіресінде»: «Білге қаған қайтыс болған соң елі ұлын Інан қаған деген наммен таққа отырғызады. Таң хандығының патшасы Таң Шұанзон хантегін уәзір Ли Чұанға түрікке барып көңіл айту әрі Інанға нам беру, Білге қағанға арнап мәңгітас орнату, кесене салдыр, ал күнделікші жанайдар Ли Роңға мәңгітастың мәтінін жазу жөніндегі жарлық түсірді.» - делінеді.

Қорытып айтқанда, Білге қаған соңғы түрік қағандығындағы аса ірі тұлғалардың бірі. Ол жасынан жаумен жағаласып, ажалмен арпалысып өседі, сөйтіп сан реткі жорықтың шындауынан өткен ол, таққа отырған соң өзінің сұңғыла шебер ұйымдастыру, басқару қабілетіне, халқына болған сүйіспеншілігі мен қайырымдылығына сүйене отырып іріген елді ұйытады. Ол елді заңмен басқарады, дарындыларды құрметтеп істетеді, елдің ірі істерін демократиялық жолмен шешіп отырады., сыртқа қарата бейбіт елдесу саясатын жүргізеді, әсіресе табғаш халқымен болған байланысты түзеп, шекарадағы айырбас сауда жасайтын базарларды қалпына келтіреді. Білге қаған биліктер отырған тұста соңғы түрік қағандығының ырысы шалқып, бейбіт өмір орнайды. Ол елінің мәдениетті гүлденген, отырықты ел болуын армандайды, бірақ сол дәуірдің реалдығы оның бұл арманының іске асуына мүмкіндік бермейді. Ол 51 жасқа келіп, кемеліне келген шағында тақ күресінің құрбаны ретінде, пәни дүниемен мәңгі қоштасады.

Пйдаланылған әдебиеттер:

1. Гың Шымін. Ежелгі түркі тіліндегі құлшытастар. Орталық Ұлттар университеті баспасы, Пекин, 2005 жыл.
2. Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер (2 том). Орталық Ұлттар университеті баспасы, Пекин, 2003 жыл.
3. Т.Жұртбаев. Дулыға (2 том). Алматы, «Жалын» баспасы, 1994 жыл.
4. Шүе Зоңжың. Түркілерге қатысты сирек кезігетін тарихи материалдар жинағы. Үрімжі, «Шыңжаң» баспасы, 2005 жыл.
5. «Қазақ мәдениеті» (Энциклопедиялық анықтамалық). Алматы, «Аруна» баспасы, 2005 жыл.

Резюме

В данной статье рассматриваются концептуальные понятия об исторических памятниках древнетюркских эпох. В частности автором статьи анализируется китайские источники литературного памятника книг об Билге кагана.

Resume

This article examines the conceptual notion of the historical monument of old ages. In particular the author analyzes the Chinese sources of the literary monument of books about Bilge Kagan.

Özet

Bu makalede, eski çağların tarihsel anıt kavramsal kavramı inceler. Özellikle yazar Bilge Kağan hakkında kitap edebi anıtı Çin kaynaklarında inceliyor.

З.Е. Оразбекова

филология ғылымдарының кандидаты, PhD

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

Аудармадағы ұлттық болмыс және дәстүр сабақтастығы

Қазір қазақстандық даму процесінде үлкен зайырлы өзгерістер жүріп жатыр. Бүгінгіміз кешегіге еш ұқсамайды. Өндірісі дамыған, өркениеті биік елу елдің көшіне қосылу үшін зерттеушілердің айтуынша Қазақстан тұрақты даму рельсіне түсуі қажет. Жылма-жыл, ықпалды түрде экономикалық, экологиялық тұрақты дамымасак, баяғыша бірде шұғыл шабуылға шығып, келесіде артқа сырғып қиын іркілістерді бастан кешіре берсек көштің соңында шаң жұтып қалғанымыз қалған. Мәселенің аса күрделі, адами экономикалық, таза экологиялық жағдайлармен ғана шешілмейді, ең әуелі адамға моралдік күш-жігер беретін, рухани көтеретін, пассионарлық отын өршітетін себеп-салдарлар, әдебиет пен өнердің бел алып дамығаны қажет. Адамның ғасырлар бойғы рухани, моралдық азығы болып келген әдебиеттің өркениеттің қай сатысына көтерілсек те қажеттілігі кемімейді. Керісінше, адамның қиналған, түңілген, қателескен, өмір жолын қайта қараған кезінде ұлы мәртебелі келіп тіршілік иесіне бағдаршам болады, алға жетелейді, рухының қайта тіріліп көктеп өнуін, жапырақ жаюына бірден-бір себепші болып дариды.

Дүниелік әдебиеттің бір бұтағы саналатын қазақтың ақын-жыраулық дәстүрі, айлап, жылдап жырласа таусылып бітпейтін эпостық сарындары, одан берідегі ғашықтық, батырлық жырлары, қазақ прозасының алғашқы нұсқалары ұлт бойындағы ар, адамгершілік ұстанымдарды арқау етіп халық санасына құюмен болды.

Біздің қазіргі әдебиетіміздің барлық табыстарын поэзия, драматургия жанрларындағы жетістіктерді есепке алмай, тек прозаның өркендеуімен түсіндіруге болмайтындығын да аңғара отырып, қазақ поэзиясының тарихы өте әріден басталады және дәстүрге бай дей тұрсақ та қазақ әдебиетінің халықаралық атағын роман шығарғанын жақсы түсінеміз. Алғашқы үлгілерін Міржақып Дулатов, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров тудырған бұл жанр Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров қаламымен ұшталып, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин талантымен биікке көтерілсе, Ғ.Сланов, Х.Есенжанов, З.Шашкин, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Б. Соқпақбаев, Р.Тоқтаров, Қ.Ысқақов, Ә.Тарази, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртазов, М.Мағауин, Ә.Сарай, Қ.Жұмаділов, Д.Досжанов, С.Сматаев, С.Жүнісов еңбектерімен кең өріске шықты. Қазақ прозасы Қытайдағы, Монғолиядағы қандас бауырларымыздың да қиын тағдырларын бейнелеп берді. Бұл ретте көп ғұмыры түрмеде өтсе